

Сингапур Республикасының сыртқы істер министрі Джордж Еоның Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 мамырдағы N 144-ө
Өкімі

2006 жылғы 31 мамыр - 3 маусымда Астана және Алматы қалаларында Сингапур Республикасының сыртқы істер министрі Джордж Еоның Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:
қосымшаға сәйкес сапарды дайындау және өткізу жөніндегі
протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;
делегация мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2006 жылға арналған республикалық
бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен
1400000 (бір миллион төрт жүз мың) теңге сомасында ақшалай қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы
Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
делегация мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы
қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапардың
бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

4. Астана және Алматы қалаларының әкімдері делегацияны әуежайлардың жоғары
лауазымды тұлғаларға арналған залдарында қарсы алу және шығарып салу, Астана
және Алматы қалаларының әуежайларын безендіру, мәдени бағдарлама ұйымдастыру
жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 30 мамырдағы
N 144 - ө өкіміне

қосымша

**Сингапур Республикасының сыртқы істер министрі Джордж Ео бастаған
делегацияның мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Сингапур Республикасы делегациясының мүшелерін Астана мен Алматы қалаларындағы "Риксос-Президент" және "Риджент-Анкара" қонақ үйлеріне 1+5 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана мен Алматы қалаларында "Риксос-Президент" және "Риджент-Анкара" қонақ үйлеріне орналастыру.
3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверткалар, қабылдауға шақырулар) дайындау.
4. Сингапур Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.
5. Сингапур Республикасының делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.
6. Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрінің атынан Сингапур Республикасы делегациясының мүшелеріне Астана қаласында қабылдау ұйымдастыру.
7. Сингапур Республикасы делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға болатын орындарында медициналық қызмет көрсету.